

Е.З. Есбосынов*



Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

E-mail: ergaliesb@gmail.com

КИТАБ ӘЛ-ИДРАК ЛИ-ЛИСАН ӘЛ-АТРАК ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШІ ЗЕРТТЕУЛЕРІ - ОСМАН ИМПЕРИЯСЫ МЕН МӘМЛҮК ҚЫПШАҚТАРЫ (МӘМЛҮК СҰЛТАНДЫҒЫ) ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

Аңдатпа. Қазақ тілінің қалыптасу тарихына қатысты деректерді ғылыми айналымға қосу – қоғамымыздың күнделікті алға қойып отырған, келешекте де кешенді талаптар тұрғысынан қаралып отыратын іс-шаралар екендігі анық. Зерттеу мақсатымыз – қазақ тілі тарихын орта ғасыр жазба ескерткіштері материалдары негізінде зерттеген еңбектерге шолу жасау, жекелеген ғылыми ізденістердің әдіс-тәсілдерін көру. Қазақ тілі туыстас түркі халықтарының тарихы сияқты көне түркі, орта түркі дәуірлерінен, сол дәуір этнолингвистикалық дәстүрлерінен бастау алады. Ал мұндай деректер мақала жазу барысында қолданылатын методологиялық тұрғыдан да өзекті екендігі анық, себебі орта ғасыр жазба ескерткіштердің арасынан қандай да бір нұсқасы қазақ тілі тарихын хронологиялық, географиялық, лексикалық тұрғыдан классификация жасауға мүмкіншілік беруі мүмкін. Зерттеу нысанымыз болып отырған жазба ескерткіштердің басты ерекшелігі де осы болса керек. Қазіргі уақытта толық қалыптасып тіпті дәстүрге айналған Селжұқ пен Қараханидтер, Алтын Орда мен Осман империясы дәуірі, Қарлұқ, Шағатай дәуірі деп аталатын түркі тілдерінің тарихын дәуірлеу еш өзгерместен ондаған жылдар бойы қолданыста келе жатыр. Мұны кезінде шығыстанушы ғалымдар мен түркологтар жасап қалыптастырғаны сөзсіз. Осылардың арасынан Мәмлүк қыпшақтары тіліне қатысты жазба ескерткіштердің орны бөлек. Себебі мәмлүк қыпшақтары дәуірі – қазіргі қазақ тілінің тарихи лексикология мен жалпы тарихын түзуде географиялық, әлеуметтік-саяси тұрғыда маңызды орынға ие. Мұны Айдаров, Әмір Нәжіп, Құрышжанов, Томанов сияқты ғалымдар да айтып, көптеген еңбектерін осы тақырыпқа арнаған. Кеңес одағы дәуірі зерттеулері негізінен формальдық-грамматикалық бағытта болса да, кейінірек, тілдік-нормативтік, лексикалық, диалектологиялық, аумақтық және хронологиялық бағыттағы ізденістердің бірізділікке түсуіне ықпал етті. Бұл тұрғыда Мәмлүк қыпшақтары дәуіріне тікелей қатыстылығы бар деп есептелетін Кітаб әл-Идрок ли-Лисан әл-Атрак (құрамдас екі сөздігімен қоса) жазба ескерткішін назарға алдық. Аталмыш жазба ескерткіш төңірегінде қалыптасқан еңбектер тізбесіне шолу жасап отандық және шет елдік ғалымдардың жекелеген пікір мен тезистерінен иллюстративті мысалдар қолдандық. Лингвистикалық еңбектермен қоса сол дәуір екі ірі ел, - мәмлүк қыпшақтары (мәмлүк сұлтандығы) мен осман түріктері қарым-қатынасына қатысты пікірлермен бөлістік. Осындай деректер аясында тақырыптық қорытынды жасауға талпыныс жасадық.

Кілт сөздер: Мәмлүк қыпшақтары, Осман Империясы, Мысыр, Иавуз Сұлтан Сәлім, Кітаб әл-Идрок, Абу Хайян, әл-Идрок Хашиеси.

Кіріспе

1990 ж. Стамбұлда жарық көрген «Камус-и түркі» сөздігінде «қыпшақтар – XI–XV ғасырларда Еділ өзені мен Орал таулары арасында өмір сүген түркі тайпаларының бірі», деп барып «қыпшақша» – «қыпшақтардың ана тілі, қыпшақ түркі тілі» (Kâmûs-i Türkî, 1991: 703) деп тұйықтайды. Осы деректермен хронологиялық жағынан үндесетін мәліметті 2011 ж. Анкарада шыққан басылымнан көре аламыз. Кітап авторы осы кезеңді “Orta Türkçe (MS XI – XV. yy)” – «Орта түркі тілі – XI – XV ғғ.» деп жеке графа арнаған. Графа «Қараханлы түркі

тілі (Хакание түркі тілі) деген тақырыпшадан басталып, «Қыпшақша» деп – мұнда Кодекс Куманикустан үзінді мысал келтірген, одан әрі шағатай тілі деп барып, оған «Сахиб Кыран Рұм падишахы биле урушуп зафар тапқаны; Зафернаме» деп жазба ескерткіштердің түпнұсқа мәтіндерінен мысал берген. Барлық үш мәтіндік мысал әрбір жолы нөмірлендіріліп индексация тәсілімен жазылған (Eker, 2011: 102 - 105). Ал 2005 ж. шыққан Eski Türk Edebiyatı Tarihi – *Ескі түрік әдебиеті тарихы* атты еңбекте Абу Хайиан есімін «14-ші ғасыр Орта Азия түркі әдебиеті» графасында Рабғузи, Махмұд бин Әли (Кердерли Махмұт), Ислам (Mu'înu'l-Mürîd-тің авторы – Е.Е.), Құтб, Харезми, Сейф-и Сарайи, Хисам Хатиб сынды ойшылдармен қатар берген: Абу Хайиан – мәмлүктер дәуірінде Мысырда өмір сүрген ойшылдардың бірі. Абу Хайианның Ендүлүстен Мысырға келіп, Каирде өмір сүріп сол қалада көз жұмғанын білеміз. Танымал және қолға тиген еңбегі *Китаб әл-Идрак ли-Лисан әл-Атрак*. Бұл еңбек түркі тілдері тарихын зерттеуде аса маңызды материал. Мұны 1931 ж. Түркияда Ахмет Жафироғлы жариялады. Негізгі мазмұны – түркі тілдерінің танытымы, сөздігі (Mengi, 2005: 71).

Осыған ұқсас деректер Әмір Нәжіптің еңбегінде басқа бір қырымен баяндалған, графаны «Жетісу – тұңғыш әдеби түркі тілі ескерткішінің отаны» деп атаған: «...Начиная с XI века литературные памятники создавались в основном на арабском письме. Некоторые же произведения до XIV-XV веков с арабского переписывались на древнеуйгурский или создавались непосредственно на нем. Следовательно, хотя с самого начала принятия ислама тюркоязычные народы и пользовались арабским письмом, однако до XV века параллельно существовало и древнеуйгурское письмо. Некоторые ханские ярлыки в Золотой Орде писались и в XIV-XV веках на древнеуйгурском письме. Родиной первых литературных произведений была современная Джетысуйская область Казахстана. Потом тюркоязычная литература появляется и в низовьях Сырдарьи, Хорезме, на берегу Камы в Булгарском государстве, Восточном Туркестане, Средней Азии, Золотой Орде, Египте, Сирии, Ираке, Малой Азии, Иране, Афганистане, Индии (Наджип, 2007: 16). Бізге керегі әрине, кітап авторының Кіші Азия аумағы төңірегінен Мысыр мен Сирияны атап өткені болды.

1971 ж. Алматыда шыққан ЖОО арналған оқулық кітапта мәмлүк-қыпшақ жазба ескерткіштеріне кеңірек тоқталып мұны *Мамлюк қыпшақтарының тілінде жазылған ескерткіштер* графасында баяндаған: «XIII–XIV ғасырларда Сирия мен Египет жерін мекендеп билік жүргізген қыпшақтар (мамлюктер) мен оғыздар жергілікті халықтардың саяси-әлеуметтік және ғылыми-мәдениеттік өміріне, ондағы әрқилы ағымдарға қатты ықпал жасады» (Айдаров, 1971: 53).

Материал және әдістер

Кеңес дәуірінде мәмлүк-қыпшақ зерттеулері сан-салалы, мазмұнды еңбектермен толығып отырды. Бұлар, негізінен, әдіс пен методологиялық тұрғыдан алғанда тілдің формальдық-грамматикалық тұстарына көбірек назар аударған. Сірә, содан болса керек соңғы кездерде шет тілдерінен, оның ішінде түрік тілінен қазақшаға аударылып жатқан еңбектер біршама қызықты болып ерекшеленетіні анық. Үйткені олардың мақала (оқулық, ғылыми еңбек) жазу барысында қолданған әдістері айтарлықтай ерекшелікке ие. Әсіресе лингвистикалық постулаттармен қоса тарихи және қоғамдық-әлеуметтік тұсы қосақтала баяндалатын ізденістер назар аударып тұрады. Сондай әдіс яғни мазмұндық бағыттағы методологиясы бөлек еңбектердің бірі ретінде түрік тілінен қазақ тіліне аударылған еңбекті айта аламыз. Нысанға алған еңбектің қазақша орындалу тәртібінде кемшін тұстары болса да, тақырыптық цитата алғанды жөн көрдік. Көлемді аударма еңбек 2023 ж. Алматыда жарық көрді: «Илхандардың Ислам қалаларын басып алуы және Құдысқа қарай жылжуы аймақтағы христиан мемлекеттері арасында жаңа одақтық жүйелер құру идеясын тудырды. 1443 ж. Грузия патшайымы Русудан Илханға бағынды. Одан кейін 1247 жылы Киликияның армян патшасы Гетум да бағынады. Гетум басқа да шағын христиан мемлекеттері де Илхандардың билігіне өту керек деген ұсыныс жасайды. Сол үшін бауыры Семпадты Қаракорымға жібереді.

Семпадтың моңғолдар туралы жағымды хаттары Еуропада қысқа уақытта моңғолға деген әуестік тудырды. Бұл кезеңдерде моңғолдарға қарсы тынымсыз күрес жүргізген *мәмлүк сұлтаны Бейбарыс* христиан мемлекеттеріне моңғолдармен одақтасудан сақтану керектігін ескертті. Бейбарыс, 1271 жылы VI Боэмундқа жолдаған хатында қатты сөздер айтып, моңғол қолбасшысы Абакамен одақтастығын үзбесе, оның зардабын тартатынын ескертеді», деп келіп 107 нөмірлі дерекке сілтеме жасайды: Rene Grousset, *Histoire des Croisades II*, 1188 – 129 (Paris: Perrin, 1936) (Kalin, 2023: 70). Аталмыш еңбектің баяндау *әдісінде* тарихи-хронологиялық деректердің орында да ұтымды пайдаланылғаны байқалады. Тақырыпша одан әрі былай жалғасады: «Хасан әл-Уазанның немесе африкалық Леоның шытырман тағдыры» графасы, «... Андалузия мен Мағрибтің бай мәдениетін бойына сіңіріп өскен Хасан әл-Уазан Морокко сұлтаны Мұхаммед Буртуқалидың елшісі қызметін атқарады. Жастық шағы Португалияда тұтқын болып өткендіктен «Буртуқали» атын алған Морокко сұлтаны әл-Уазанды Каирге, Ыстанбұлға және Жерорта теңізі мен Африканың басқа елдеріне әртүрлі міндетпен жібереді. 1517 жылы сұлтан Сәлім Мысырды алып, Мәмлүк Сұлтандығын жойған кезде әл-Уазан Ыстанбұлда Буртуқалидың өкілі ретінде болды. Мысырдан хабар алған ол Каирге барып, *мәмлүктер билігінің соңғы күндерін* және жаңа Осман әкімшілігінің алғашқы күндерін бақылайды. Бұл жерде Сәлім сұлтанмен немесе оның өкілімен кездескен болуы мүмкін, бірақ ол да, дереккөздер де мұндай кездесу туралы тіс жармайды (Kalin, 2023: 300).

Түркия басылымдарынан Мәмлүк қыпшақтары мен Осман түріктері қарым-қатынасына қатысты ізденістер көптеп кездеседі, солардың арасынан *Independent Türkçe* деп аталатын электрондық басылымда шыққан «Afrika'da Osmanlılardan önce Türk izleri: Memlûkler (1250-1517) - *Африкада османдықтардан бұрынғы түрік ізі: мәмлүктер (1250 1517)*» атты мақала назарымызды аударды: «Бірден айта кету керек Осман Империясы тұсында падишахтар мен сұлтан сарайының маңайына топтасқан *ваканүвислер*, яғни шежірешілер «мәмлүк» пен «мәмлүк-қыпшақтары» деген атаудан *аулақ болуға* тырысқан. Яғни қай жерде мәмлүктер туралы деректер бар, сол жерге жоламай, біле-тұра «айналып өтіп отырған». Ал шын мәнінде мәмлүктер солтүстік Африкадағы Крестшілер жорығына төтеп берген қуатты да құдыретті елдердің бірі еді. Фатих Сұлтан дәуріндегі *жылнамашы Узунчаршылы* мәмлүктерді (мақалада «тарихшы» деп берілген, біз «жылнамашы, шежіреші» деп аударғанды жөн көрдік – Е.Е.) «Мекке мен Құдысқа ие болып отырған мәмлүктер» деп атаған. Бұл шынында да солай еді: мәмлүктер Тұлыноғылларынан кейінгі Африка құрылығына түркі-ислам мәдениетін жайған ірі этнос болды. Сонымен қатар, мәмлүктер солтүстік Африкада Португалия шапқыншылығына қарсы тұрған ең басты күш еді. Ресми іс-қағаздарда мәмлүктер *Memalik'i Devlet el-Turkiyya* – Мемалик-и Девлет-и әл-Түркийя – *Мәмлүктер өлкесіндегі түрік мемлекеті* деген атаумен белгілі болды. Олар 40 мың африкалық әскерлерімен батыстық қарақшы-сепаратисттерге қарсы тұрды, жерін қорғады. Фирдоусидің «Шахнамасын» түрікшеге (мәмлүк-қыпшақшасына – Е.Е.) аударып Каирде басып шығарды. Түріктің тамбурын (домбырасын – Е.Е.) ұлықтады, ас мәзірін, тоқыма өнерін, қылыш-қалқан жасау әдіс-тәсілін Африкаға әкелді, бұл өнерлері құрлықта үлкен қызығушылықпен қабылданды. Тунистік оқымысты Ибн Халдун «Түріктер Африкаға медресе мен керуенсарай салды, өңірдің ең қуатты әскери күшіне айналды» деп, моңғолдарды «Айн-ы Жалут» қақтығысында жеңіп ислам әлемінде үлкен беделге ие болды» деп жалғастырған (Gençoğlu, 2022:1). Мақала авторы бұл мәліметтерді мына деректерден алғандығын айтып 1 және 2 сілтемемен көрсеткен: 1. Halil Edhem, H. Hulûsî Gençoğlu, Mehmet S. Halim Gençoğlu, Emel Çebi, and Halil Edhem. *Tarihten bugüne Karamanoğulları Hânedânı ve Halil Edhem Eldem'in Karamanoğulları hakkında Vesâik-i mahkûka adlı eseri (çeviri-sadeleştirme)*. 2020; 2. Alkhateeb Shehada, Housni. *Mamluks and animals: veterinary medicine in medieval Islam*. Leiden: Brill, 2013.

Ал Түркия Ислам Энциклопедиясының электрондық нұсқасы мәмлүктерді екі үлкен топқа бөледі: Мысырда Ейүб жасақтарының түркі текті батыр сарбаздары тарапынан құрылған, өз дәуірі тарихшылары «құл» мағынасына келетін «мәмлүктер» деп атап кеткен ірі

бірлестікті; біріншісі, Бахри мәмлүктері деп (Bahriyye, Birinci Memlûkler; 1250-1382) және екіншісі, Буржи мәмлүктері деп (Burciyye, İkinci Memlûkler; 1382-1517) атай аламыз. Біздің ойымызша мәмлүктерді осы екі топ төңірегінде зерттеу дұрыс болмақ (<https://islamansiklopedisi.org.tr/memlûkler>).

Мына мақалада Мәмлүк қыпшақтары мемлекетінің құрылу сатысында орын алған оқиғалар баяндалған: «Memluk Devletinin Anadolu Siyaseti – Мәмлүк мемлекетінің Анадолы саясаты»; мақаланың «Memlûklular’ın Kuruluş Aşaması ve Ayn-Calut Savaşına Giden Süreç – Мәмлүк мемлекетінің құрылу сатысы және Айн-Аут соғысы кезеңі» тақырыбындағы графадан үзінді: «Мәмлүктер мемлекеті 1250 ж. құрылғандығы анық. Ал Нежметтин Ейүб 1254 ж. таққа отырып бір құл сатып алу арқылы өз билігі мен беделін паш етеді. Мысыр түркілері Нежметтин Ейүбті «атамыз» деген. Елі үшін күрескер деп білген. Уақыт өте келе мәмлүктер басшылығына оның ұлы, – Тұран Шах келеді. Бұл да мәмлүктердің беделін арттыра түседі. Алайда бұл алдамшы әрекет еді, Тұран Шах қол астындағы елге аяушылық танытпай, қатал басқарады. Бұл өзінің опат болуына алып келеді. Бұл оқиғадан соң таққа Мұхаммед Айбек отырады. Тұңғыш рет «сұлтан» деген титулды орнықтырады. Ол бірден Ешреф Мұса есімін құтпадан (хутбе, хұтба – Е.Е.) өшіріп жойғаннан кейін, ел-жұртын тонай бастайды. Өзіне жағымды көрінген үзеңгілестерін жанына алады. Уақыт өте келе мәмлүктерден тыс ұлт өкілдері салықты артық (көп) төлей бастайды» деп келіп 20 сілтемемен цитата дереккөзін атайды: Muhibbeddin Ebu Hamid Maksidi, *Mısır’daki İslam Devletleri ve Türk Memlûklûlerini Faziletleri* çev. Ramazan Şeşen, s.31 (Öztürk, 2023: 84).

Мұнда Осман империясының астанасы Стамбұл қаласындағы монументалды ғимараттардың Мысыр архитектурасына ықпалын атап өткен: «Мысыр мен Осман империясының өзара байланысы мәмлүктердің османдықтардан жеңіліс тауып күйрегенінен бұрын қалыптасқан. Бұл аралық бейбіт өмірмен қатар қайсыбір уақыттарда соғыспен өткен. Осының нәтижесінде османдықтар 1517 ж. мәмлүктерге күйрете соққы беріп Мысыр мен Сирия аумағын Осман Империясының қатардағы провинциясы деңгейіне түсіреді. Алайда тарихи тұрғыда орныққан қарым-қатынастың шаблону өміршендігін сақтап қалады. Бұл өз кезегінде екі елдің сауда-саттық, мәдени-гуманитарлық және сәулет өнері саласындағы өзара ықпалдастығын күшейте түседі. Мұны стамбұлдық стильмен орындалған ірі құрылыс нысандарынан және олардың декоративтік бейнесінен көруге болады. Сөйтіп жергілікті, яғни мысырлық-қыпшақтық сәулет өнері стамбұлдық декорация мен әрлеу-сәндеу элементтерімен толығы түседі. Бұл уақыт өте келе мысырлық-османдық архитектуралық синтездің пайда болуына алып келеді. Синтез әсіресе мешіт пен медресе, мұнара құрылысында, мешіт ауласының әрленуінде, экстерьерінде, себилдің (ішуге, шайынуға жарамды кәріз суы – Е.Е.) жаппай пайда болуында анығырақ көріне бастайды. Бұл үдеріс бір жақты болмай ендігіде мысырлық сәулеттік элементтер, әсіресе сәндік-әшекейлік декорациялар Стамбұлдан бастап Анадолының басқа өңірлерінде көрінеді. Мұндай мәдени алмасулар Иавуз Сұлтан Сәлім мен Кануни Сұлтан Сүлеймен дәуірі архитектураларында көбірек кездеседі» (Abdulhafiz, 1994: 5).

Тақырыптық құрылымы қызықты көрінген деректердің бірі халықаралық дипломатия мәселесіне арналған. Мақала авторы мәмлүк қыпшақтары мен осман елі сұлтандарының арасындағы дипломатиялық қарым-қатынаспен қоса сол дәуір аристократтарының эмпатия мен симпатия этикеттерін атап өткен: «Таяу Шығыстың екі ірі мұсылман мемлекеті Осман империясы мен Мәмлүктер империясының XV ғ. көрініс тапқан дипломатиялық іс-сапарлар мен сый-сияпат, сыйлық беру/табыстау рәсімі сөз болады. Мұнда біз, сый-сияпат инвентеризациясының сипаттамасын беріп, сыйлықтарды осман және мәмлүк елдері өкілдерінің қалай қабылдағанын және сұрыптағанын айтпақшымыз. Екі ел арасында сыйлық пен кәдесыйдың 18 түрі белсенді қолданылған, олардың арасындағы «құнды материалдар» мыналар: құл мен тұтқындар, мал-жануарлар, киім-кешек, кілем, тері, темірден жасалған бұйым, ер тоқым, діни мазмұнды сыйлық, тоқыма өнімдері мен жағалы киім, қару-жарақ, дәрі-дәрмек, пұл-ақша, құнды металдар, бағалы тастар және басқалары. Османдықтардың

мәлүктерге сыйға тартқан бағалы заттарының саны: 23. Мәмлүктердің османдықтарға берген сыйлықтары – 16» (Garip, 2019: 287).

Мәмлүк-қыпшақ мемлекеттілігінің жойылып кетуінде шешуші рөл атқарған Осман елінің патшасы Иавуз Сұлтан Селим туралы: «1512 ж. таққа Иавуз Сұлтан Селим отырды (Селим I). Ол бірден ішкі мәселемен айналысып, Анадолыны іштей ыдыратуға айналған Шах Исмаилге қарсы әрекетке көшті. Үлкен қиыншылықпен келген жеңіс 1514 ж. Шах Исмаилді жоюмен аяқталды. Бірақ Иавуз Сұлтан Селим бұл жеңіспен шектелмей Анадолының шығыс аймақтарын өзіне қаратып империяға 220 000 шаршы шақырым қосты. Осы дәуірден бастап Осман Империясының басты идеологиясы – исламның бөлшектенуі, ішкі ағым және тарикаттардың көбеюі кесірінен елді басқару айтарлықтай кедергі болды. Иранға қарсы жорық жасап, іргедегі Мысырға әскерін жіберді. Мысыр елінің тұрақты армиясы 1516 ж. 24 қыркүйекте және 1517ж. 26 наурызда болған шайқастарда Осман әскерлеріне төтеп бере алмай тізе бүкті. Бұл жеңіліс Мысыр мәмлүктерінің жойылып кетуіне себеп болды» (Халықаралық Түркістан Энциклопедиясы, 2000: 521).

Ал мына деректе «қыпшақ» этнонимі «екі пышақ – қос пышақ» сөзімен/ұғымымен байланысты екендігі айтылған: «Процесс объединения племен требовал общего имени. Иногда таковым становилось самоназвание доминирующего в союзе этноса. Или имя властителя (хан Ногай, хан Узбек, хан Башкурт). Северо-тюркские племена приняли в качестве герба знак объединения ||, который называли описательно **kos – ok** («пара стрел») > kosok, kosog, kasak... Союзы такого типа йс – ok («три стрелы»), он-ок («десять стрел») известны по древнетюркским источникам. Этот же знак союза называли **iki-pçak** («два ножа»). Все племена входившие в это объединение, взяли себе название общего герба как второе имя «кипчак». «Дешт-и Кипчак» - «Страна Кипчаков простиралась от Иртыша до Венгерских степей. До нас дошли развернутые имена тюрков-средневековья: Я, Мохаммед ат-тюрк, аль кипчак из Фараба» - Первый арабский философ, которого сейчас мы называем Мохамед ал-Фараби. Происходил из города Отрар (Фараб), что в Южном Казахстане. «Я, бей-Барс, ат-тюрк, аль кипчак из рода Берш». Султан Египта из мамелюков 12-13 в.в. Род берш и сегодня обитает на западе Казахстана, но теперь, входя не в кипчакский союз, а в казахский. Следовательно, определителями личности для древних казахов становилось тюрк (суперэтнос), «кипчак», «казак» (племенное объединение), этническое имя (род, племя)» (Сулейменов, 1998: 454).

Графикалық (геометриялық) – сұлбалық яки эпиграфикалық (символдық) бейнелерді оқып – түсіндіру техникасын (әдісін) ұқсас баяндаған ғалымдардың бірі – А.Н.Гаркавец. «Кыпчакское Евангелие - *Қыпшақ Інжілінің*» «Кыпчакская письменность средневековья» графасында қазақтың ұсақ мал, – қой-ешкі құлағына салатын ен сияқты визуалдық-геометриялық сұлбаларға қатысты уәжін айта келе, олардың тарихилығы мен қыпшақтекті атаулар екендігіне назар аударады: «Тюркские племена, занимавшиеся скотоводством, с древних времен пользовались по крайней мере двумя дописьменными знаковыми системами, основными элементами которых были элементарно простые символические изображения и шлавной функцией которых было указывать на принадлежность объекта с конкретным символом определенному собственнику. Первая – небольшой по числу форм, но достаточно вариативный в комбинаторном плане набор меток-надрезов, выщипов на ушах скота, главным образом длинношерстного и мелкого. У современных тюркоязычных греков – урумов Приазовья, выходцев из Крыма, до недавнего времени применялось 12 простых видов меток, имеющих преимущественно общетюркские названия, что говорит их чрезвычайной древности и устойчивости», деп барып қазаққа да тән ен атауларын атап өткен: *жырық, ойық, тесік, тілік, сырға, қыйық, құмырсқа* т.б. (Гаркавец, 2013: 35).

Талқылау

Орта ғасыр жазба ескерткіші – *Китаб әл-Идрак ли-Лисан әл-Атрак* кеңес дәуірі кезінде лингвистикалық зерттеудің нысаны болған. Мысалы, Мәскеуде шыққан А.И.Чайковскаяның «Формы условного наклонения в средневековых арабоязычных грамматиках тюркских языков – *Түркі тілдеріндегі шартты райдың ортағасыр араптілді грамматикадағы формасы*» атты мақаласынан мынадай деректерді көруге болады: «В ранних филологических трудах восточных авторов, посвященных тюркским языкам и написанных предположительно на территориях мамлюкского государства Египта и Сирии в XIII – XIV вв. средства выражения условного наклонения представлены по-разному. Сочинения интересны как авторскими трактовками этого вопроса, значительно различающимися между собой, так и наличием редких для средневековья форм и малоупотребительных во многих современных языках сочетаний аффиксов. То и другое предоставляет новые возможности для решения некоторых - старых, но все еще актуальных вопросов о соотношениях форм наклонения и времени в тюркских языках, а также дает полезный материал для исторической грамматики и диалектологии» (Чайковская, 1981: 286). Мақала авторы осы мәліметті 1 нөмірімен Әмір Нәжіптің еңбегіне сілтеме жасаған: Э.Н.Наджип. *Кыпчакско-огузский литературный язык мамлюкского Египта XIV в.* АДД. М., 1965.

Айдаров Ғ. «Китаб әл-Идрак» зерттеулеріне үнемі назар аударып отырған: «Бұл еңбектің түркі тілдерінің зерттелу тарихында алатын орны өте жоғары. Түрік оқымыстысы Жафәроғлы бұл жайында былай деп жазады: «Абу Хайианның бір еңбегінің өзі-ақ – тюркология ғылымының даму тарихындағы келелі кезең, өз алдына жеке жасалған дәуір, дара дүние», дей келе «Қолжазба алғаш рет 1891 ж. Стамбұлда жарияланды. Бастырып шығарушы – Мұстафа Бей. Одан кейін Ахмет Жафәроғлы қолжазбаны 1931 ж. Стамбұлда екінші рет бастырып шығарды. Бұл басылымы алғашқысына қарағанда әлдеқайда жақсартылған, түзетілген және қолдануға да оңтайлы болып шыққан. Ол екі бөлімнен тұрады: а) Сөздік бөлімі: қыпшақша-арапша сөздік (есімдер мен етістіктер); ә) Грамматика бөлімі: фонетика мен морфология (78 тараудан тұрады), деп жалғастырады (Айдаров, 1971: 55).

Айдаровтың атап өткен «Мұстафа-бей» есімді баспагері туралы мәлімет оңайлау табылғанымен мардымсыз көрінді, мұны Түркия Ислам Энциклопедиясының (İslâm Ansiklopedisi) электронды нұсқасынан байқадық: *Мұстафа бей*: Eserin Veliyyüddin Efendi nüshasından Mustafa Bey tarafından yapılan ilk neşri (İstanbul 1309) eksik ve yanlışlarla doludur – *Шығарманың Велиүддин Ефенди нұсқасы тұңғыш рет Мұстафа Бей тарапынан Стамбұлда 1309 ж. жарық көрді. Бұл басылымның кем-кетік тұстары көп болумен қатар қателіктер де орын алды* (<https://islamansiklopedisi.org.tr/kitabul-idrak>).

Осыған мазмұндас шағын мәліметті мына мақаладан көре аламыз: «Китаб әл-Идрак-тың бірінші басылымы Бейазыт Мемлекеттік кітапханасында сақтаулы тұрған нұсқасы негізінде Мұстафа Бей жариялады (1891–1892). Іле-шала Стамбұл Университеті кітапханасында тұрған нұсқасы да қаперге алынып өңделіп, аударылып Ахмет Жафәроғлы шығарды (Dogan, 2016: 337). Мұстафа-бейдің жарияланымы туралы Ахмет Жафәроғлы былай дейді: «*Kitab el-İdrak* ilk kez Mustafa Bey tarafından tek bir nüsha üzerinde yayılanmıştır. İdadi Müdürü Mustafa Bey İstanbul 1309, Matbaa-i Amire, 213 s. Eseri ilim alemine tanıtılmıştır. L. Bouvat olmuştur - *Китаб әл-Идрак тұңғыш рет Мұстафа-бей тарапынан бір ғана нұсқа (1 дана – Е.Е.) болып жарияланды. Оқу-ісі басқармасының басшысы Мұстафа-бей, Матбаа-и Амуре-ден басып шығарды (Әмір полиграфиялық комбинаты), көлемі 213 бет. Ал еңбекті ғылыми айналымға қосқан Л.Буват (. L. Bouvat) болды* (Caferoğlu, 1984: 189).

Түрколог Ахмет Жафәроғлы туралы көптеген мәліметтердің арасынан қазақша мәтінін таңдадық: «Ахмет Жафәроғлы (1889, Әзербайжан, Гянджа қ. – 1975, Түркия) - түрік ғалымы. 1916 – 18 ж. Киев сауда институтында, 1919 ж. Баку Университетінде оқыған. Әзербайжанда 1920 ж. Кеңес өкіметінің орнауына байланысты Түркияға қоныс аударды. Стамбұл университетін бітірген (1924). Осы Университетте доцент, проф. (1936), кафедра меңгерушісі

(1946) болды. Бірнеше монография жазған. Негізінен, көне және орта ғасырлардағы түркі жазба ескерткіштерінің тілі, диалектология мәселелерін зерттеген. Шығармалары.: *Китаб әл-идрак ли-л-исан әл-атрак* (Абу Хайян) - 1931; Алғашқы түркі тіл білімпазы Махмуд Қашқари, 1938; Анадолы диалектологиясы бойынша материалдар, 1 т., 1940, 11 т., 1941; Түрік тілінің тарихы, 1 т., 1958, 11 т., 1964.» (Халықаралық Түркістан энциклопедиясы, 2000: 111). Осы орайда А.ЖафEROғлы жариялаған «Türk Dili Tarihi, II - *Түрік тілі тарихы - II*» еңбегінен «Китаб әл-Идрак»-қа қатысты тұсын басқа деректермен салыстыру амалымен атап өтуді жөн көрдік: «...Шын мәнінде дарынды филолог, мұқият тілші болған Абу Хайян, сол дәуір басқа да арап оқымыстылары сияқты *Искендерия филология мектебі* дәстүрін ұстанған. Өз дәуірі Мысыр түркі тілімен қоса оғыз түркі тілін зерттеуге шындап кіріседі. Нәтижесінде түркі тілінің осы тобын саралап, грамматикасы мен сөздігін түзіп шығады. Еңбегінде үнемі «қыпшақ» сөзімен қатар «түркімен» сөзін жиі қолданады. Түркі тілі лексикографиясына еңбегі сіңген Абу Хайяның бұдан басқа грамматикасы, әзірше қолымызға тимеген «әд-Дүрәтүл мүддйе фил-лұғат-и Түркийе» еңбегі де бар, барлығы 3 дана, барлығы тамаша шығарма ретінде танылады. Еңбектерінің атауынан білінгеніндей, барлығы түркі тілі грамматикасына қатысты. Абу Хайян еңбектері ұзақ уақыт түркі тілдеріне қатысты шығыста жазылған шығармаларға материал/үлгі ретінде бағаланды. Қандай себеппен екендігі белгісіз, Мұхаммед Салих өзі пайдаланған бірақ қолымызға тимей жүрген *Eş-şuzurü'z-zehebiyye – еш-Шүзуруз-зекебийе* атты шығармасында Абу Хайяның түрікшесін Қырымда қолданылатын татар тілі деп классификациялайды», деп келіп бұны 122-ші сілтемемен Бесим Аталайдың еңбегіне нұсқайды: Molla.Salih, *Eş-Şüzür-ülz-zahebiyye ve'ikıtai'l-Ahmediyye fil-lüğat-itTürkiye*; çevireni (аударған) Besim Atalay, T.D.K., İstanbul, 1949. (Caferoğlu, 1984: 190).

Зерттеу нәтижелері

«Китаб әл-Идрак ли-Лисан әл-Атрак» сияқты орта ғасыр жазба ескерткіштерінің зерттелу хронологиясы яғни историографиясы да қызықты. 2012 ж. «Kitabü'l-İdrak li Lisânî'l-Etrâk'te Alıntı Kelimeler – *Китаб әл-Идрактағы кірме сөздер*» деген мақалада осы жазба ескерткіштің уақыт бойынша зерттелу/жариялау реті былай берілген:

- 1891 ж. – Селаникли Мұстафа Ефенди, Стамбұл;
- 1931 ж. – А.ЖафEROғлы, Стамбұл;
- 1992 ж. – Зия Бүниатов, Баку;
- 1999 ж. – Роберт Ермерс, Лейден;
- 2021 ж. – Мелек Өзиевтин, Анкара (Salan, 2012: 55).

Бұған 1969 ж. өзбекстандық ғалым Н.А.Расулованың «Исследования языка Китаб аль-Идрак ли-Лисан аль-Атрак» кандидаттық диссертациясын қоса аламыз (Есбосынов, 2006: 9)

Кеңестік Түркіменстанда 1973 ж. шыққан кітап та осы тізбеден байқалатыны анық, түркімен ғалымы Абу Хайян еңбектеріне сүйеніп түркі тілдерінің лексикалық қорының тарихи ортақтастығы мен хронологиялық даму тұсына шолу жасаған: «Влияние тюрков усилилось к XIII в., может быть, задолго до прихода к власти Мамлюков в Египте (1252 - 1517); авторы писавшие здесь, туркменский материал черпали в Египте и в Сирии. Мамлюкские султаны были тюрки (кыпчаки), их связь с Золотой Ордой не ограничивались одними дипломатическими сферами. Египет и Золотая Орда были союзники, если не метрополия и колония», деп барып мұнда да Әмір Нәжіптің еңбегіне сілтеме жасайды. Одан әрі «Кратко об авторах филологических сочинений – *Филологиялық шығармалардың авторлары туралы шағын мәлімет*» деген графасымен жалғастырады: «Абу-Хайян родился в 654 г. хиджры в Гренаде, получил в Испании, видимо, хорошее по тому времени образование; может быть, путешествия привели его в мамлюкский Египет, где он и остался до конца дней. Абу-Хайян весьма осведомлен в языках: он отмечает как заимствования из персидского (один раз даже из хорезмийского), так и «потуреченные» арабизмы; самый тюркский материал у него разнообразен. На того же Бейлика, что и Абу-Хайян, ссылается Джемалад-Дину Абу

Мухаммед Абдуллах ат-Турки, автор «Булғат ал-муштакь фил-лугъат ат-турк вал-кыфжак» (Булгат, XI). Тюрк, а то и туркмен по происхождению, наш автор, видимо, писал свой труд в Сирии. Большую зависимость от АХ обнаруживает неизвестный автор Эт., большого, богатого и туркменским материалом сочинения. Арабом, никогда не бывавшим в тюркских землях, был неизвестный автор сравнительно небольшого филологического трактата «Аль-каванин аль-куллийе лидъабт ал-лугъат ат-тюркийе» (XV в.)» (Мухамедова, 1973: 13-15). Шығарма авторының «АХ» мен «Эт.» деп берген аббревиатурасы мынадай; -АХ: Caferoğlu, A. Kitab al-İdrak li-Lisan al-Atrak. İstanbul, 1931.; -Эт.: *Et-Tuhfetü'z - Zekiyye fi'l - Lûgati't – Türkiye*.

Бұған 1999 ж. Стамбұлда шыққан Фарук Сүмердің «Türk Devletleri Tarihinde Şahıs Adları – Түркі мемлекеттері тарихындағы антропонимдер» атты еңбегін қоса аламыз. Кітаптың 13-ші бөлімінде «Memlüklerde Türkçe Adlar – Türk Memlükleri Devri – Мәмлүктердің түрік тіліндегі антропонимдері – Түрік мәмлүктері дәуірі» деп екі графа қосақталып берілген. Мұнда 107 антропоним қамтылған. Одан әрі Çerkes Memlüklerinde Türkçe Adlar – Черкес мәмлүктерінде түркі антропонимдері деген графамен жалғасқан. Мұнда 105 адам есімінің этимологиясы берілген (Sümer, 1999: 374 – 440). Сүмердің осы деректерін 2006 ж. Астанада жарық көрген монографиялық басылымдағы антропонимдермен салыстыра талдау мақсатымен ұқсас атаулардың тізбесін жасадық. Қазақша дерек осы монографиялық басылымның «әл-Идрак» мәтініндегі сөздердің лексика-семантикалық топтары» графасының жалғасы болып табылады:

Ескі қыпшақ тілінің лексика-грамматикалық ерекшеліктері (Абу Хайиан еңбегі бойынша, XIV ғ.): Айбек; жалқы есімі «Ай» космонимі мен «бек» титулдық жалпы есімнің тіркесі арқылы жасалынған. Қолжазбаның D вариантында Ajmek - «Аймек» түрінде қолданылатын вариантының бар екендігі ескертілген. Бұған қарай отырып, қолжазбаға материал болған ескі қыпшақ ауызекі тілінде *b/m* дыбыс алмасуы болған дейміз.

Türk Devletleri Tarihinde Şahıs Adları – I: Ay Beg et-Türkmânî; толық аты Melîku'l-Muiz İzzeddin Ay Beg el-çarnigîr el-Türkmânî es-Sâlihî (1250-1257). Мысыр-Сирия мәмлүктерінің тұңғыш сұлтаны болған *Şecerüd-dürr* атымен танымал.

Ескі қыпшақ...: Айдоғды; жалқы есімін синтаксистік – морфологиялық жолмен жасалынған дейміз: *Aj* космонимі және өткен шақ, III жақтағы сабақты *doğdı* етістігінің тіркесі арқылы жасалынған. Түркі тілдерінде күнделікті шаруа, тірлік барысында қолданыла беретін бұл жай сөйлем құрылымының жалқы есімге айналуына халықтық көне наным-сенімдер әсер етсе керек.

Türk Devletleri...: Ay Doğmuş*, *en – Nâsirî*; Мелик Насырлық мәмлүктерден. Шам билігінде лауазымды міндет атқарған, 1342 ж. қаза тапты.

Ay Doğmuş, el – Hekimî, бұл да жиі қолданылатын есім. Сұлтан Калавунды өлтірмекші болған әмірлердің бірі. 1282 ж. опат болды.

*оғыз тілдерінде -ды, -ді; -мыш, -миш; бірі жедел өткен шақ, екіншісі ауыспалы өткен шақ – дерексіз есім жұрнағы ретінде білінеді. Графада *Айдоғды* болмағандықтан графикалық, фонетикалық және лексикалық ұқсастығын ескеріп *Айдоғмыш* антропонимін алдық: 377 б.

Ескі қыпшақ...: Ақбуга; *Ақ* сын есімі мен жалпылама мәнді *буга* зат есімінің тіркесінен жасалынған. Көне түркі халықтарында және қазірдің өзінде тазалықтың, пәктіктің, жақсылықтың бастау белгісі ретінде қолданылатын *Ад* сын есімінің, сонымен қатар, алып күш иесі, күш-құдірет, молшылық белгісі ретінде *буга* лексемасының бастапқы мәні, әлі күнге көне мағыналарынан ажырай қойған жоқ. *Ақбұға* жалқы есімін көне дәуірлердегі танымдық ұғымдарға байланысты, солардың кейінгі дәуірлердегі реликтілік қалдығы болар деп ойлаймыз.

Türk Devletleri...: Ak Buga; 1367 ж. падишах-сұлтандардың атбегі. Ат қора мен жылқы баптауынан жауапты тұлға болған.

Ak Buga; қолбасшылардың бірі, мәмлүк сұлтаны Demür el-Mahmudî - дің інісі.

Ескі қыпшақ...: Санжар; антропонимі қолжазба мәтінінде жиі қолданылған – жалқы есім. Лексика-морфологиялық тұрғыдан алғанда *San* және *car* есімдердің тіркесі арқылы жасалынған дейміз. «Құтадғу Білікте» *San* түбірінің «құрметтеу, сыйлау» мағынасының бар екендігі байқалады, ал синтаксистік жолмен *car* түбірін араб тілнен енген деп танымыз.

Türk Devletleri...: Sancar*; бұл есімнің атақты селжұқтық Санжармен қатысты екендігі анық. Санжар есімінің халық жадында сақталғаны белгілі, ол туралы еңбектер аз емес, Мервтегі түрбесі (моласы – Е.Е.) осының айқын көрінісі болып табылады. Санжар, - Тимурдың Анкара соғысына қатысқан әмір-қолбасшылары арасында болған. Бұдан басқа толыққанды мәлімет жоқ.

*осы кітаптың «Тимурлықтар антропонимі» графасындан алынды: 361 б.

Ескі қыпшақ...: Сонқур; антропонимі де қолжазба мәтінінде жиі қолданылған жалқы есімдердің қатарына жатады. Абу Хайиан бұл формаға «*Sonqur* Алтаир және сол сияқты биік ұшатындар» деп анықтама берген. Антропоним құрамын и - о алмасуын ескере отырып, *sun* және *qur* түбірлерінің тіркесі ретінде қарастыруға болады. Мұндағы *qur* түбірі қазіргі қазақ тілінде құс атауы түрінде сақталынып қалған, ал *son* < *sun* түбірінің семантикасы туралы кесімді пікір айту әзірше қиындау. Оның себебі, Абу Хайианның анықтамасы мен «Альтаир» космонимі ұғымы арасындағы өзара байланыста болып отыр. Оны келешек жұмыстарымызда қарастырамыз деген ойдамыз.

Türk Devletleri...: Sunkur; бұл есім де мәмлүктер дәуірінде жиі қолданылған және көптеген мәмлүк әмір-сұлтандары осы есімді иеленген.


